



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 20/46  
20 мамыр



www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

## ҚҰРМЕТТІ, МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Қаладағы іс-шаралар

## ТҮЛЕКТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – «Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен» шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер қала тұрғындарының көңіл-күйін көтеріп қана қоймай, қаламыздың шығармашылық жетістіктеріне, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосып, халықты өрелі өнермен сусындатып, рухани байлықты толықтыруға және игі дәстүрлерді жалғастыруда аянбай еңбек атқарып келесіздер. Сіздердің еңбектеріңіз қашанда халықтың көз алдында, адамдарға мереке және көтеріңкі көңіл күй сыйлайсыздар.

Қаламызда мәдениет саласын дамыту, мәдени ісшараларды өз деңгейінде өткізу мақсатында 2022 жылы қалалық мәдени-демалыс орталығы ашылғанын білесіздер. Қазіргі таңда орталықта 20-дан астам адам жұмыс істеп жатыр. Сондай ақ былтырғы жылы қалалық негізгі ісшаралар өтетін орталық алаңда үлкен сахына бой көтерді, оған қалалық бюджет қаржысынан

жаңа лед-экран орнатылып, қуатты дыбыс аппаратурасы және жарық беру аппаратурасы сатып алынды. Міне мәдениетті дамытуға, мәдени ісшаралардың халықтың көңілінен шығуына бағытталған осындай жұмыстарды жүргізіп жатырмыз.

Сонымен бірге, қаламыздың тарихы мен даму кезеңдерін көрсететін музей ашу үшін экспонаттар жинақтау жұмыстары жүргізілуде. Болашақта қалалық музейді ашу жоспарымызда бар.

Құрметті мәдениет қызметкерлері! Мерекелеріңіз құтты болсын. Сіздерге кәсіби шығармашылық табыстар мен жаңа жетістіктер тілеймін!

Әр еңбек күндеріңіз сәтті, шығармашылық жетістіктерге толы болсын. Мәдениет пен өнеріміз өркендей берсін. Әрқашанда өнердің ақ туын берік ұстап, халыққа қызмет жасайтындарыңызға зор сенім білдіремін. Шығармашылық жаңа ізденістер, өнер жолында табыстар тілеймін!

Приозерск қаласының әкімінің міндетін атқарушы Саденов Д.Ш.  
Қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.

Приозерск қаласындағы № 1 қазақ орта мектебі басшыларының ұсынысына орай өмірлері өнегеге айналған ақын, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының және Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, бірнеше кітаптардың авторы Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі мен Приозерск қалалық маслихатының депутаты, жеке кәсіпкер, осы мектептің түлегі Ержан Нұрланбекұлы Абдурахманов биыл мектеп бітіріп, Алтын ұяларынан болашақ өмірге аттанғалы отырған түлектермен кездесу өткізді. Аталған кездесудің мақсаты – еліміздің болашақ құрушыларына мамандық пен кәсіп таңдауда ақыл-кеңестерін беріп, олармен ашық сұқбат өткізуболатын.

Кейіпкерлер өздерінің басып өткен өмір жолдарынан бүкпесіз әңгіме шертіп, тіршіліктегі кездескен кедергілерді, жетістіктер мен табысқа жету жолындағы тынымсыз еңбектері және күрестері жайында қызықты етіп баяндады. Әңгіме арасында жеткіншектерге сауалдар беріп отыру арқылы олардың білімін, дүниетанымын, болмысын, болашаққа болжаған мұрат-мақсаттары мен мамандық таңдаудағы ой-пікірлерін бағамдап отырды. Оқушылар да өз тараптарынан армандары және алға қойған

талаптарын ашық айтып берді. Өмірінің қырық жылға жуық уақытын журналистика саласына бағыштап, 7-сыныптан бастап өлең-жыр өлкесіне қадам қойған Н.Қыдырмұратұлы қандай мамандық таңдасаң да, оны терең меңгеру керектігін және туған өлкесіне, Отанына адал қызмет ету қажеттігін, қазақтың би-шешендерінің, даналарының және әйгілі батыр Бауыржан Момышұлының өмір жолын таңдаудағы өсиеттерінен ғибрат сөздер айтып, жас ұрпаққа мол өнеге-өсиет арнады. Ал жас кәсіпкер, өзінің ерік-жігерінің, тынбай жасаған талпынысының, өз таңдауының дұрыс болғандығы арқасында жетістіктер мен табыстарға қалай жеткенін, бүгінгі таңда өзінің халықтың сеніміне ие болып, қалалық мәслихат депутаттығына қалай келгенін әңгімелеп берді. Қандай істе де тәуекел ету керектігін және біліммен қатар батылдық қажеттігін ұқтырды.

Қызықты да, тартымды, өздеріне үлгі-өнеге боларлық сұқбаттан жас түлектер өздеріне үлкен әсер алғаны сөзсіз. Оқушылар ата-ағаларына алғыс сезімдерін білдіріп қоштасты.

М.ИСАТАЙ

Мәдениет қызметкерлері құрметіне

## МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛДЫ



Приозерск қаласының «Достық» балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығында 19-мамыр күні мәдениет және өнер қызметкерлері күні мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті. Оны әдеттегідей Жанат Абулова мен Нұрлан Сүлейменов жүргізді. Өнер мен мәдениеттің мерейлі мерекесі мәдениет қызметкерлері күні – бұл төл мереке ғана емес, осы өнер адамдарының маңыздылығын мойындау күні. Шырмауы көп өмірдің шиыршығын өнермен ұштастырып жатқан өнер иелеріне бас имеуге болмас. Осындай құдірет иелеріне арнайы кәсіби мереке күні ҚР Президентінің Жарлығымен 21-мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні болып бекітілді. Сол үшін де аталған күн иелерін мерекелерімен құттықтау және марапаттау үшін қала тұрғындары, мекемелер мен кәсіпорындар, ұйымдар қызметкерлері жиналды.



Осынау мерекеледе мәдениет пен өнерде жүрген көптеген

қызметкерлердің еңбегі еленіп, әншілердің әніне бөленіп, халыққа ерекше көңіл-күй сыйлап, қаламызда өтіп жатқан осы бір әдемі кештің алғашқы құттықтау сөзі қала әкімінің міндетін атқарушы Дастан Шұғайұлы Саденовке берілді. Бұл мереке – халқымыздың бай мәдени мұрасы мен руханиятының дамуына үлес қосып келе жатқан азаматтарды жұдырықтай жұмылдыратын мерейлі күн. Приозерск қаласының мәдениетін дамытуға қосқан ауқымды үлесі, көп жылғы жемісті еңбегі үшін және 21-мамыр Мәдениет және өнер қызметкерлері күні кәсіптік мерекесіне байланысты Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығы директорының міндетін атқарушы Марс Абуұлы Сүлейменов, РФ ҚМ 03080 ә/б гарнизондық офицерлер үйінің қызметкері, қаладағы көркемөнерпаздар тобының белсенді мүшесі Гүлжихан Закенқызы Урсарова және

«Достық» балалар мен жасөспірімдер шығар-

машылығы орталығының «Балбырауын» домбырашылар ансамблінің жетекшісі Айман Дауытқұлқызы Нұртаева Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Дәл осы мазмұнда Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталғандар: Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығының костюм бөлімі меңгерушісі Айғанша Сәдуқызы Болысова, Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығының әдіскері Жанат Жалғасбекқызы Абулова, № 2 жалпы орта білім беру

үлесі үшін Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Құрмет грамотасымен төменде аты аталған тұлғаларды марапаттады: «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы музыка бөлімінің меңгерушісі Ардақ Рымханқызы Ахатаева, Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығының «Гүлдерайым» фольклорлық ансамблінің мүшесі Әбдіраман Қалмырзаұлы Жүсіпов, Приозерск қалалық кітапханасының аға кітапхана



мектебінің педагогы, қаладағы көркемөнерпаздар тобының белсенді мүшесі Нұрсұлтан Асхатұлы Сейткәрім, ҚР ҚМ 44841 ә/б қызметкері, қаладағы көркемөнерпаздар тобының белсенді мүшесі Гүлмира Бәкірқызы Шералиева, Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығының «Жарқыраған дауыстар» вокал үйірмесі жетекшісі Әсел Жанатқызы Құрбанбаева және «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының «Вдохновение» би тобының жетекшісі Әсия Шадыбайқызы Омаровалар.

Сонымен қатар сахнаға Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Жұлдыз Тиштыбайқызы Дулатова шақырлды. Әріптестерін төл мерекелерімен құттықтаған Ж.Тиштыбайқызы Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай қызметтегі көрсеткен белсенділігі және Приозерск қаласының мәдениет мен өнерін дамытуға қосқан

шысы Шолпан Өмірзаққызы Қозыгелдиева, Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығының жарықтандыру техник операторы Азамат Бақтыбайұлы Ерназаров, Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығының видео операторы Мерей Бесбайұлы Тұрсынбеков және Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының директоры Нұрлан Марсұлы Сүлейменовтер. Салтанатты жиын соңы қала өнерпаздарының орындауындағы ән мен билерге ұласты. Онда Айғанша Болысова Асель Құрбанбаева мен Шапағат Қарымсакова, Мерей Тұрсынбеков, Марс Сүлейменов, Азамат Ерназаров және Нұрлан Сүлейменовтер ән шырқаса, «Жорға» және «Бегім-ай» би ансамблдері би орындады.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі.

## ИНВАТАКСИ ҚЫЗМЕТІН АЛУШЫЛАР САНАТЫН КЕҢЕЙТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарына, «Автомобиль көлігімен мүгедектерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы №859 бұйрығымен бекітілген, Автомобиль көлігімен мүгедектерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31 тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8950 болып тіркелген), Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Приозерск қаласының аумағында инва такси қызметін алушылардың санаттары келесі санаттағы тұлғалармен кеңейтілсін:

1) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар, жүріп-тұруы қиын адамдар;  
2) он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар, жүріп-тұруы қиын балалар;  
3) ақыл-ой кемістігі бар балалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары С. Ж. Бейскевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімінің м.а.  
Д. Саденов*



## О РАСШИРЕНИИ КАТЕГОРИИ ПОЛУЧАТЕЛЕЙ УСЛУГ ИНВАТАКСИ

В соответствии с Законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О социальной защите лиц с инвалидностью в Республике Казахстан», пунктом 31 Правил оказания услуг по перевозке лиц с инвалидностью автомобильным транспортом, утвержденных приказом исполняющего обязанности Министра транспорта и коммуникаций Республики Казахстан от 1 ноября 2013 года №859 «Об утверждении Правил оказания услуг по перевозке лиц с инвалидностью автомобильным транспортом» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №8950), акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Расширить категории по-

лучателей услуг инва такси на территории города Приозерск следующими категориями лиц:

1) лица с инвалидностью первой и второй группы, имеющие затруднения в передвижении;  
2) дети с инвалидностью до восемнадцати лет, имеющие затруднения в передвижении;  
3) дети с ментальным нарушением.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Бейскева С.Ж.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

*И.о. акима города  
Д. Саденов*

## «ЕҢБЕК ЖОЛЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ!!!

2023 жылдың 1 мамырынан «Еңбек Жолы» республикалық конкурсына өтінім қабылдау жүзеге асырылатын болады.

Байқаудың басты міндеті еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыру, жастарды еңбекке құрметпен қарау және ұрпақтар сабақтастығын сақтау болып табылады.

Конкурс жыл сайын 2 (екі) кезеңде өтеді: өңірлік және республикалық. Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде өңірлік және республикалық комиссиялар мынадай номинация бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

«Үздік еңбек әулеті» - еңбек өтілі ең ұзақ, марапаттары ең көп ең көп санды әулет таңдалады;

«Өндірістің үздік жас маманы» - жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын, ең белсенді және еңбеккер өндіріс жұмыскері таңдалады;

«Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» - жұмыс өтілі кемінде 20 жыл, жоғары тиімді жұмыс істейтін тәлімгер таңдалады.

Конкурсқа қатысушылар қағаз және электрондық жеткізгіштермен келесі келесі материалдарды ұсынады:

1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінішті;  
2) жеке куәліктің көшірмесін;  
3) номинация тақырыбы бойын-

ша 1-2 минуттан аспайтын бейнеролик ті (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);

4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1-2 минут компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері/жұмыс орнынан анықтама;

6) жұмыс беруші немесе кәсіподақ берген ұсынымдық хат.

7) мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, мадақтау қағаздарының, алғыс хаттардың көшірмелері, біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде ұсынылады.

Барлық сұрақтар бойынша «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не (Приозерск қаласы, Балхашская көшесі 5, №101 кабинет) хабарласуға болады. Байланыс тел.: 8 (71039) 5 2694, 8 7771986212.

*Приозерск қаласының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі*

## ПРИГЛАШАЕМ ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ В РЕСПУБЛИКАНСКОМ КОНКУРСЕ «ЕҢБЕК ЖОЛЫ»!!!

С 1 мая 2023 года стартовал прием заявок на республиканский конкурс «Еңбек Жолы». Основной целью проведения данного состязания станет повышение статуса «Человека Труда!» в обществе, воспитание молодежи в духе уважительного отношения к труду и сохранение преемственности поколений. Ежегодный конкурс проводится в два этапа: региональный и республиканский. На основании предоставленных материалов региональная и республиканская комиссия выявляют победителей по следующим номинациям:

«Лучшая трудовая династия» — выбирается самая многочисленная династия с самым продолжительным трудовым стажем, имеющая наибольшее количество наград;

«Лучший молодой работник производства» — выбирается самый активный и трудолюбивый работник производства со стажем работы не более 5 лет;

«Лучший наставник работающей молодежи» — выбирается самый высокоэффективный наставник со стажем работы не менее 20 лет.

Участники конкурса должны представить следующие материалы на бумажном/электронном носителе:

1) заявление об участии в кон-

курсе в произвольной форме с указанием номинации;

2) копия удостоверения личности;

3) видеоролик по теме номинации не более 1-2 минут (с демонстрацией рабочего места и навыков, при желании);

4) компьютерная презентация не более 1 минуты (в формате Microsoft Power Point) о конкурсанте (работа, семья, увлечение, хобби и так далее);

5) копия трудовой книжки и иных документов, подтверждающих стаж работы каждого представителя трудовой династии или работника заверенная работодателем (справка с места работы);

6) рекомендательное письмо от работодателя или профсоюзной организации.

7) копии государственных или ведомственных наград, грамоты, благодарственные письма, сертификаты о повышении квалификации (при наличии).

По всем вопросам обращается в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» (город Приозерск, улица Балхашская 5, кабинет № 101). Телефон:

: 8 (71039) 5 2694, 8 7771986212.

*Отдел занятости и социальных  
программ города Приозерск*

## ОТБАСЫ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Мамыр айының 15-жұлдызы күні қаламыздағы «Достық» балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығының ғимаратында Приозерск қаласы ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен Отбасы күніне арналған мерекелік ішара болып өтті. Ғимарат алдындағы тас жол маңына жиналған оқушы балалар отбасы құндылықтары тақырыбына түрлі-түсті борлармен суреттер салды. Ал іштегі шағын алаңда стол теннисінен жарыс ұйымдастырылды.

Атаулы күнге жиналған оқушыларға арнап «Қазақ музыка концерті» аясында «Шырқалсын ән, төгілсін күй!» тақырыбында осы аумаққа танымал күйші, ұстаз Айман Нұртаеваның жетекшілігінде-

гі «Балбырауын» ансамблінің, «До ми солька», «Радуга» вокалдық студиясы және фортепиано орындауларындағы күйлермен әндерді ішараға жиналған қауым тыңдап, тамашалап, жақсы көңіл-күйге бөленді.

Светлана Борисовна Попченко мен Ардак Рымханқызы Ахатаеваның күйсандықтың сүйемелдеуіндегі балалар хоры шырқаған әндерге, «Балбырауын» ансамблінің керемет күйлеріне ризашылықпен қол соқты.

Отбасы күніне арналған мерекелік шарадан жиналған қауым, әсіресе балалар керемет көңілмен үйлеріне қайтты.

**Н.ӨТЕП**

## НОВАЯ КАРТА КАЗАХСТАНА СОЗДАНА УСИЛИЯМИ ВЫСОКОКВАЛИФИЦИРОВАННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

По словам председателя Комитета, технологический процесс создания тематических карт состоит из нескольких этапов. На начальном этапе определяется характер карты, цель ее использования. Проводится анализ карт и сбор соответствующих данных с дежурных карт.

«Следующий этап - редакционная подготовительная работа. В этом контексте подготавливается макет карты и проводится сопоставление географических названий государственному каталогу Республики Казахстан. И границы административно-территориальных единиц направляются на согласование в местные исполнительные органы», - сказал К. Бекмукашев.

Готовая карта после прохождения редакционного контроля направляется на экспертизу. После прохождения экспертизы карты будут гото-

вы к печати, говорит спикер. «Такую масштабную работу выполняют квалифицированные специалисты подведомственного нам предприятия. Для того, чтобы сделать эту работу, нужны определенные знания», - сказал председатель Комитета.

Затем готовые карты раздаются заинтересованным государственным органам. К. Бекмукашев отметил, что созданные карты доступны не только государственным органам, но и физическим и юридическим лицам на платной основе через госуслуги.

«На сегодняшний день существует спрос на созданные тематические карты. С начала года по настоящее время государственным органами подано около 50 заявок, а физическими и юридическими лицами - более 200», - резюмировал он.

**ortcom.kz**

## МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РАЗРАБАТЫВАЕТ КОНЦЕПЦИЮ РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКИХ ШКОЛ

В рабочей поездке по области Жетысу министр просвещения Гани Бейсембаев посетил ряд организаций образования в отдаленных населенных пунктах. В их числе школа с вековой историей «Мамания» в селе Аксу, с которой начались глубокие исторические корни Жетысу и первые инвестиции в образование казахской молодежи, сообщает пресс-служба ведомства.

Из стен школы «Мамания» вышла целая плеяда видных государственных и общественных деятелей Казахстана - классик казахской литературы Ильяс Жансугуров, алашординцы Мухамеджан Тынышпаев и Жумахан Кудерин, просветитель Билял Сулеев, академик Журимбек Сыдыков, писатель Какимжан Казыбаев. В этом году учебному заведению исполнилось 124 года.

Здесь министр просвещения провел встречу с педагогическим коллективом и остановился на предпринимаемых мерах по развитию сельских школ.

витию сельских школ, оснащению современным учебным оборудованием и повышению компетенций сельских педагогов», - сказал Гани Бейсембаев.

Напомним, несколькими днями ранее прошла образовательная конференция «Білімді ұрпақ — білімді ел», где были представлены проекты по развитию и оснащению материально-технической базой 63 сельских опорных школ в 17 регионах страны по программе «Развитие потенциала опорных школ в сельской местности» фонда «Қазақстан халқына». В общей сложности запланировано охватить 191 школу в 27 моногородах и 164 районах. Для этих целей будет направлено более 15 млрд тенге.

Также во время встреч с педагогами Аксуского, Сарканского, Алакольского районов министр просвещения акцентировал внимание на том, что в будущем сельские школы должны стать драйвером развития казахстанского образования. Важным



«Школа «Мамания» - одна из первых фундаментальных образовательных школ в области Жетысу. Это ценное для нас историческое учреждение, которое является ярким примером привития национальных ценностей и культуры в воспитании подрастающего поколения. Глава Государства уделяет особое внимание развитию уровня образования в селах. Принимается ряд мер по раз-

шагом в этом направлении станет новая Программа по развитию сельских школ. Кроме того, Министерством разрабатывается план по проведению Республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам для сельских школьников. В школе «Мамания» в селе Аксу области Жетысу обучаются 247 детей. Она расположена в 150 километрах от областного центра.

**ortcom.kz**

## ЖЫР ЖАМПОЗЫ ШӘРІБЕК

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ!



Шәрібек Алдашов – Тауелібай еліне ғана емес, қазақ халқына танымал, белгілі әдебиетші-жырау. Ол кісі жырау ғана емес, жыраулар алыбы Базар Жырау атамыздың жырларын ел ішінен жинап, өз алдына кітап етіп шығарып, сол жылдары қазақ ұлты үшін аса рухани қажеттілік болған жыраулық дәстүрді насихаттап, халыққа тарту етті. Енді сол кісінің еңбегі туралы естелік кітабын өз отбасы, өмір жолдасы Қаным жеңгеміздің басшылығында жарыққа шығарыпты. Мамыр айының 13-жұлдызы

күні Алматы қаласында аталған кітаптың тұсау кесер рәсімі өтті. Жиылған өнерсүйер қауымның қатысуында жыраудың аруағына арнап құран оқытылды. Іні-қарындастары, туысқандары, құдалары мен көршілері Шәкенді еске алып, қызықты естеліктер айтылды. Әскерде бірге болған Қуаныш Досжанов, інісі Төлеп Нұрышұлы, көршісі әрі бөлесі Әлмұрат Өнербаев, журналист Қали Жолдасовтар жырауды еске алды. Алматыдағы өмірі жайлы министрліктің тапсырмасымен келген ақын Ерлан Төлентай, жазушы Дидар

Амантай әсерлі әңгіме-естелік айтты. Ал кітапта филология ғылымының докторы профессор Темірхан Тебегенов, ақын-жырау Баянғали Әлімжанов, жазушы Дидар Амантай, Қазақстан ҒА академигі М.Қаратаев, халық ақыны Әлімқұл Жамбылов, этнограф жазушы Тынышбай Дайрабай, ақындар Қорғанбек Аманжол мен Жүрсін Ерман, өнертанушы Қаһарман Бабақұлов ағалар «Батыр Бауыржан мінезді, жолбарыс жүректі» деп Шәкен туралы естеліктер жазыпты.

Тауелібайлықтардан бөлесі Көшербай Бекеев, қайнінісі Бақыт Әліпбайұлы, Дінбай Даболов, Әкім жырау, Назым Апа, Әлимаш Омар қызы, Қаламбек Әбдіжанұлы, Қожагелді Медетов, Төренияз Алғашбаевтар егіле еске алды. Шәрібек ағамыз сол күні бір аунап тұрған болар. Шәкенді еске алу кеші тамаша деңгейде өтті. Ол кісі туралы 370 беттен тұратын келешекке естелік, қалың кітап жарыққа шықты. Тамдағы Бозғұлдың сұлу қыздарынан таңдап алған, Ақ-Қаным адал жары жарады Аспанұлының. Өзі ерінбей еңбек етіп, Базар жырау туралы қалай қиналып жыр жинап, тірнектенсе, Ақ-Қаным жеңгей ол туралы еңбек естелік жинап, солай қиналды да, мақсатына жетті. Мәдениет министрлігі өзіміз

кітапты шығарамыз дегенімен, кейін айнып қалыпты. «Өзі жоқтың көзі жоқ» дегеннің кері болды-ау. Автор ханым және өз тәрбиесін көрген ұл-қыздары мен баласы Дидар қаражат жинаған. Досы Әли Ақпар інісі Қалиқожа кітаптың тұсауын кесті. Қаншама сағынышты естеліктер айтылды. Сол күнгі дастарқан басындағы асыл ағаның сөздерін мен де еске алып, баяндадым. Шәкіртің әрі ізінді жалғаған балаң Сәбит Дінбайұлы кешті жүргізді. Махаң мен Базар жырау жырларын жырлады. «Ат тұяғын тай басар» деген бар ғой. Аспан-Бозғұл еншілес туыс елміз, мына балаларыңды желеп жебеп жатыңыз. Жыраулар аман болса, Базар жырау қазақпен бірге, Шәрібек Алдашов халқының жүрегінде. Аға, өзіңіз 1978-жылғы Қазақстанға бет алған жолға біз де түсіп, ұлы далаға, тарихи Отанға келіп қалдық. Інің Қалдыбек Қостанайдан, Базар Апа Теміртаудан, Нәзігүл Астанадан келді. Ағамыздың Алматыдағы қорымына барып құран оқылды. Өз үйінде Молла Сағыр Хатым оқыды. Халқыңды желеп жебеп жата бер құрметті Шәке! Нұрыңыз пейіште шалқып, Алла бізді жұмақта жолықтырсын...

Камал РЫСБАЙҰЛЫ

## ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕРДЕ, КӨКӨНІСТЕРДЕ НИТРАТТАРДЫҢ ЖИНАҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗИЯНДЫ ӘСЕРІ

Улы химикаттардың (пестицидтер) көмегімен көптеген паразиттік сүзек, безгек және басқа аурулары жойылды, сонымен қатар мәдени өсімдіктерге зиян келтіретін мыңдаған белгілі жәндіктерге қарсы нәтижелі күресудің мүмкіндігі туды.

Нитрат – азот қышқылының тұзы, адам организмінде күрделі өзгерістерді тудыратын қауіпті химиялық қосылыстардың бірі. Азот қышқылының тұздары минералды тыңайтқыштың негізгі элементі болып табылады. Нитраттар азоттың табиғаттағы негізгі айналымы, өсімдіктерге азотты қоректену күрделі биологиялық процесс белок биосинтезі үшін қажет. Өсімдіктер азот пен оның тұздарын хлорофилл жасау үшін және өсімдік клеткаларын қалыптастыруда пайдаланады.

Нитраттар ауыз суда, жеміс-жидектерде, көкөністерде және топырақта кездеседі. Адам организмінде нитраттар түскеннен кейін метаболиттерге ұшырамас бұрын адам денсаулығына өте қауіпті қосылы-

стар – нитриттерге айналады. Нитрат химиялық белсенді қосылыс болғандықтан олардың мөлшері сақталу кезінде термиялық өңдеуден кейін және ұзақ уақыт қайнатқанда азаяды. Жеміс-жидектерде, көкөністерде нитраттардың жинақталуы минералды тыңайтқыштардың уақыты мен мөлшеріне ғана байланысты емес, ол жеміс-жидектердің, көкөністердің биологиялық ерекшеліктеріне, ауа райының қолайлылығына, қай жерлерде өсірілгеніне де байланысты. Көкөністердегі нитраттардың көп болуы топыраққа азотты тыңайтқыштың көп мөлшерде қолданылып себілуі. Ауа-райының қолайсыз жағдайы да нитраттардың өсімдікте жинақталуына әкеледі.

Нитраттар мен нитриттердің адам ағзасына әсері: Қанға түскен нитриттер 2 валентті темірді 3 валентті темір тотығына айналдырады. Мұның нәтижесінде адам организмінде, мүшелерге, ұлпаларға, жасушаларға оттегін тасымалдау қабілеті жоқ метгемоглобин тү-

зеді. Метгемоглобиннің мөлшері қанда 20% және одан жоғарыласа адам өміріне қауіп төнеді. Қан қысымы төмендеп, бауыр қызметі бұзылады, тұншығады. Адамның ойлау қабілеті мен қимыл қозғалысы төмендейді. Таулы аудандарда және спирттік ішімдіктерді қолданғанда нитриттердің улы әсері жоғарылайды. Нитраттар тек қана жеміс-жидек, көкөніс арқылы адам ағзасына түспейді ол ауыз су арқылы да енеді. Дегенмен улы химикаттар тек қана зиянды жәндіктерге емес, адам және жануарлар ағзасын да улағыш әсер беретін заттекті биологиялық белсенділігі бар. Улы химикаттарды ауыл шаруашылығында сақтау, тасымалдау және қолдану нұсқауларын дұрыс орындамаған жағдайда өткір және созылмалы уланулар пайда болуы мүмкін. өндіріс жұмыс барысында осы заттермен жұмыс жасаған адамдарға улы химикаттар кері әсерін беруі мүмкін, және пестицидтердің өте жоғарғы деңгейдегі қалдық мөлшері бар тағамдарды,

сонымен қатар пайдалы жәндіктерді (баларасы, құс, балық) қолданатын халыққа да кері әсері мол.

Алдын-алу: ерте піскен жеміс жидектерді жиі қолданудан аулақ болу. Жеміс-жидек пен көкөністерді қолдану алдында ағынды сумен мұқият жуса немесе аскөк пен ақжелкен жапырақтарын 2 сағат суға салып қойса, нитраттардың 10-15 пайызға азаюына әкеледі. Бақшалық және өсімдік азық-түліктерін сатып алу барысында олардың сапасын растайтын құжаттың, атап айтқанда пестицидтің және нитраттардың қалдық мөлшері туралы санитарлық – эпидемиологиялық қорытындысының бар екендігін тексеріңіз. Арнайы орнатылмаған жерлерден тағамдарды алмаңыз.

Приозерск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

## «ПАРЫЗ 2023» КОНКУРСЫНА ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУДЫҢ БАСТАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ұлттық жұмыс берушілер палатасы және Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы 2023 жылы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» республикалық конкурсын өткізудің басталғаны туралы жариялады. Байқау қорытындысы ағымдағы жылдың соңында өткізіледі.

«Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурс халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қоғамға әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру мен жетілдіруге бағытталған.

Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өңірдің кәсіпорындарын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша «Парыз 2023» республикалық конкурсқа белсенді қатысуға шақырады.

Конкурстың өңірлік және республикалық кезеңдеріне қатысу тегін болып табылады.

Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын»;

Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға, өңірдің әлеуметтік жобаларын іске асыруға қатысуға, мүмкіндіктері шектелуі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыратын үміткерлердің қызметі қарастырылады.

2. «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын»;

Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қарастырылады.

3. «Үздік ұжымдық шарт»;

Бұл номинацияда ҚР заңнамасында көзделген қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын

ұжымдық шарттар қарастырылады.

4. «Қоршаған ортаға қосқан үлесі үшін».

Бұл номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда айтарлықтай ерекшеленген үміткерлердің қызметі қарастырылады.

Сондай-ақ, байқауда «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» арнайы сыйлығы тағайындалады. Осы арнайы сыйлықта жұмыспен қамтуға және (немесе) халықтың әлеуметтік осал және аз қамтылған топтарының өмір сүру жағдайларын жақсартуға ықпал ететін бизнес іске асыратын әлеуметтік жобалар қаралады.

Конкурстың лауреаттары тиісті дипломмен, эмблемамен және айырым белгісімен (мүсінше) марапатталады.

Конкурсқа қатысу үшін өтініш берушілер жергілікті атқарушы органдарға материалдарды екі данада жібереді:

1) толтырылған өтініш;

2) өтініш берушінің өз қызметінің деңгейін және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы нақты нәтижелерін өздігінен бағалау туралы есебі.

3) есепке қосымша (ұжымдық шарттың және басқа да құжаттардың көшірмесі);

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен белгіленген нысан бойынша толтырылған және Интернет-ресурсында орналастырылған сауалнама.

Барлық сұрақтар бойынша «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не (Приозерск қаласы, Балхашская көшесі 5, №101 кабинет) хабарласуға болады. Байланыс тел.: 8 (71039) 5 2694, 8 7771986212.

**Приозерск қаласының  
жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О НАЧАЛЕ ПРИЕМА ЗАЯВОК НА УЧАСТИЕ В КОНКУРСЕ «ПАРЫЗ 2023»

Министерством труда и социальной защиты населения РК, Национальной палатой работодателей и Федерацией профсоюзов Республики Казахстан объявлено о начале проведения республиканского конкурса по социальной ответственности бизнеса «Парыз» в 2023 году. Итоги конкурса будут проводиться в конце текущего года.

Конкурс по социальной ответственности бизнеса «Парыз» направлен на формирование и повышение субъектами частного предпринимательства своей корпоративной социальной ответственности перед обществом для дальнейшего улучшения благосостояния населения.

Отдел занятости и социальных программ г. Приозерска приглашает предприятия региона к активному участию в республиканском конкурсе по социальной ответственности бизнеса «ПАРЫЗ – 2023».

Участие в региональном и республиканском этапах конкурса является бесплатным.

Конкурс проводится по следующим номинациям:

1. «Лучшее социально ответственное предприятие».

В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, реализующих социальные программы, направленные на поддержку собственного персонала, участие в реализации социальных проектов региона, социальную адаптацию людей с ограниченными возможностями и улучшение благосостояния общества в целом.

2. «Лучшее предприятие в области охраны труда».

В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, создающих условия труда, позволяющие сохранить здоровье работников в процессе трудовой деятельности.

3. «Лучший коллективный договор».

В данной номинации рассматриваются коллективные договоры, значительно улучшающие и укрепля-

ющие трудовые и социальные права работников, предусмотренные законодательством РК.

4. «За вклад в экологию».

В данной номинации рассматривается деятельность претендентов, значительно отличившихся в реализации природоохранных (экологических) программ, направленных на улучшение состояния окружающей среды.

Также, в конкурсе учреждается специальная премия «Лучший социальный проект года». В данной специальной премии рассматриваются социальные проекты, реализуемые бизнесом, способствующие занятости и (или) улучшению условий жизни социально-уязвимых и малообеспеченных слоев населения.

Лауреатам конкурса вручаются соответствующий диплом, эмблема и отличительный знак (статуетка).

Для участия в конкурсе претенденты направляют местным исполнительным органам материалы в двух экземплярах:

1) заполненную заявку;

2) отчет претендента, представляющий собой самооценку уровня его деятельности и конкретных результатов по корпоративной социальной ответственности;

3) приложение к отчету (копия коллективного договора и иные документы);

4) анкету, заполненную по форме, установленной Министерством здравоохранения и социального развития Республики Казахстан, и размещенную на его интернет-ресурсе.

По всем вопросам обращается в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» (город Приозерск, улица Балхашская 5, кабинет № 101). Телефон: 8 (71039) 5 2694, 8 7771986212.

По всем вопросам обращается в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» (город Приозерск, улица Балхашская 5, кабинет № 101). Телефон: 8 (71039) 5 2694, 8 7771986212.

**Отдел занятости и  
социальных программ  
города Приозерск**

**ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫ**



**ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР**

*Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларына орай жастарға көрсетіліп жатқан қолдау мен қамқорлықтың аясы кең. Соның бірі – NEET санатындағы жастарға жан-жақты жанашырлық жасап, олардың арасындағы жұмыссыздықты жою.*

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті  
«Жастарды қолдау – болашақты қорғау»  
мақаласынан



**ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР**

*Биыл алғаш рет облыс әкімдігі мәслихат арқылы дәрігерлерді қолдау шараларына жағдай жасап отыр. Ауылдық елді мекендерге баратын жалпы практика дәрігері, терапевт, педиатр, анестезиолог-ревматолог сынды аса қажетті мамандар үшін 5 млн. теңге, кардиолог, невропатолог, хирургтарға 3,5 млн. теңгеге дейін беріледі. Орта медицина қызметкерлері, оның ішінде акушерлер сонымен бірге, фармацевттер 1,5 млн. теңгеден алады. Олар үздіксіз оқыту мүмкіндігіне ие болады. Алыс-жақын шетелдерге барып, тәжірибе жинап келе алады. Бұл – «Дипломмен – ауылға» бағдарламасынан тыс жасалатын қолдау. Аталған бағдарламада 100 АЕК көлемінде ақшалай көмек, үй алуға пайызсыз несие беріледі.*

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті  
«Ауыл медицинасының әлеуеті артады»  
мақаласынан



**ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР**

*Биыл ауылдық жерлерде салынатын медициналық нысандарға 69 маман жіберіледі. Оның 50-і дәрігер. Алдағы уақытта олардың қатары арта бермек.*

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті  
«Ауыл медицинасының әлеуеті артады»  
мақаласынан

«КРЫША ДЛЯ ДОКТОРА»,  
«ИНДУСТРИАЛЬНАЯ КАРАГАНДА»  
ОТ 18.05.23



Десятки новых врачебных амбулаторий, фельдшерско-акушерских и медицинских пунктов появятся в отдаленных селах региона. И произойдет это в ближайшие два года. Руководитель управления здравоохранения Карагандинской области Бибигуль Тулегенова рассказала, что в настоящее время в республике реализуется ряд проектов, в том числе и в нашем регионе. Один из них касается улучшения условий оказания медицинской помощи для сельского населения: «Нами был защищен проект на 92 объекта. Он будет реализован в течение двух лет – в 2023-2024-м. На это из республиканского бюджета было выделено 13,9 миллиарда тенге. Свыше трех миллиардов тенге уйдет на строительство 11 врачебных амбулаторий и по 5 млрд тенге – на 34 фельдшерско-акушерских пункта (ФАП) и 47 медицинских пунктов», – сообщила глава ведомства.

## 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Каскатаев Айдын Кайратович	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі,5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиля Зейнелкапдулович	Бас маман	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-27-92
Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.
<b>ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-33-16</b>
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16
Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.
<b>ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА» 5-33-16</b>
Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-38-70
Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.
<b>ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК» 5-38-70</b>
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-20-17
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.
<b>ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-20-17</b>
График приема граждан руководителем отдела - Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16
«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің азаматтарды қабылдау күні әр аптаның дүйсенбі күні сағат 16:00-17:00 аралығында.
<b>Сенім телефондары: 8(71039)5-40-93, 8(71039)5-40-95</b>

### ПО ПРИЕМУ В ПЕРВЫЙ КЛАСС

КГУ «Общеобразовательной школе №2 отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области с 1 апреля и до 1 августа начал прием в 1 класс. Это было сделано для удобства всех участников образовательного процесса.

Родители смогут заранее определиться со школой, вовремя сдать необходимые документы и собрать школьные принадлежности.

Руководство школы сможет заранее укомплектовать классы, закупить необходимое количество учебников, распределить часы, определить состав педагогов.

По прогнозу на 2023-2024 учебный год в 1 класс будет принято 125 учащихся из них в класс с русским обучением 25 учащихся

-1 класс, класс с казахским языком обучения 4-100 учащихся.

С 1 апреля по 03 мая 2023 года было принято 72 учащихся

С казахским языком обучения -62 учащихся.

С русским языком обучения -10 учащихся.

В данное время свободных мест на новый учебный год 15 учащихся с русским языком обучения и 38 учащихся с казахским языком обучения.

Подать заявление можно через egov.kz, либо через портал e.bilimal.kz, предоставив следующие документы:

-заявление от родителей (или лиц, заменяющих их);

-копия свидетельства о рождении ребенка;

-документ о состоянии здоровья по форме 026/у-3 «Паспорт здоровья ребенка»;

-документ о состоянии здоровья по форме 063/у;

- две фотографии 3x4.

Заявление рассматривается 1 рабочий день.

**«Общеобразовательная школа №2» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области**

**Ответственный за государственные услуги:**

**Рахманкулова Алтынай Сабиржановна**



### Баспасөз - 2023

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетіне 2023 жылдың 2-ші жарты жылдығына жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта бөлімшесінде, Пушкина көшесі, 9/2-үй мекенжайы бойынша рәсімдеуге болады.

«QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газеті	<b>6 айға</b>
<b>Жеке тұлғалар үшін (66363 индекс)</b>	<b>2334,60 тг.</b>

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBЕК JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №20/46, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.